

## "Есеп" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 шілде N 1046

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 маусымдағы N 575 қаулысымен бекітілген Мемлекет активтерін тиімді басқару мен оларға билік жасауды қамтамасыз ету жөніндегі 1998-1999 жылдарға арналған шаралардың жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Есеп" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын (шаруашылық жүргізу құқындағы) жекешелендіру туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңдарда белгіленген тәртіппен "Есеп" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (шаруашылық жүргізу құқындағы) мүліктік кешенін сатуды жү з е г е а с ы р с ы н .

3. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

4 . М ы н а л а р д ы ң :

1) "Есеп" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 шілдедегі N 1066 қаулысының;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 сәуірдегі N 392 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 12, 118-құжат) 1-тармағындағы 2) тармақшасының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*